

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 13 қарашадағы N 1162 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 3 шілде N 716.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Отандық тауар өндірушілерді қолдау жөніндегі шараларды іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 13 қарашадағы N 1162 Р981162\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 41, 379-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

2-тармақ алынып тасталсын;

4-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Отандық тауар өндірушілерді қолдау жөніндегі шараларды іске асыру үшін бөлінген 22 716 100 (жиырма екі миллион жеті жүз он алты мың бір жүз) АҚШ долларына баламалы сомадағы қаражат уәкілетті банктер қайтарғаннан кейін Қордың жарғылық капиталын арттыруға бағытталсын."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,  
Жұманазарова А.Б.